

"Риддер қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 505 "Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 203 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 сәуірде № 4484 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қарашадағы № 1035 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 07.11.2017 № 1035 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1, 21-баптарына, сәйкес Риддер қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Риддер қаласы әкімдігінің "Көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар белгілеу туралы" 2012 жылғы 21 тамыздағы № 505 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2676 тіркелген, 2012 жылғы 5 қазанда № 40 "Лениногорская правда" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 102-тармағына сәйкес Риддер қаласының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І : " .**

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК